

ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН!

№8(147)

1 НАУРЫЗ
СЕНБІ
2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ
22 АҚПАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ

Jaŋa Bastau



janabastau
www.janabastau.kz
janabastau1@gmail.com

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ



АСА ҚАМҚОР, ЕРЕКШЕ МЕЙІРІМДІ АЛЛАНЫҢ АТЫМЕН БАСТАЙМЫН!

Ардақты ағайын, құрметті Қосшы халқы, қадірлі мұсылман бауырлар!

Сіздерді иісі мұсылман баласы асыға күткен, мейірім мен берекеге толы қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл ай – сабыр мен төзімділіктің, кешірім мен мейірімділіктің, ізгілік пен сауаптың айы. Алла Тағала қасиетті Құранда: «Рамазан – адам баласына тура жол нұсқаушы, дұрыс пен бұрысты ажыратушы Құран түсірілген ай...» (Бақара сүресі, 185-аят) деп, бұл айдың қадірі мен қасиетін ерекше атап өтеді.

Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с) Қудуси хадисте Алла Тағала айтады: «Адам баласының барлық амалы өзі үшін, ал ораза – Мен үшін. Оның сауабын Өзім беремін...» (Бұхари, Муслим) деп, оразаның ерекше сыйға ие екенін сүйіншілеген.

Бұл айда халқымызға тән қонақжайлылық, қамқорлық, мейірімділік, сабырлылық секілді асыл қасиеттер көрініс табады. Қазақ халқы «Жақсылық жасасаң, қайырымын өзің көресің», «Сабыр түбі – сары алтын» деп, адамгершілікті, сабырды, мейірімділікті әрқашан жоғары қойған.

Рамазан – тек тамақтан тыйылатын кез емес, жаман әдеттерден арылып, жүректі

тазартып, өзара татулық пен кешірімді арттыратын берекеді уақыт. Осы айда жақсылық жасап, мұқтаж жандарға қолұшын созып, ренжіскен жандар татуласып, бауырмалдықты нығайтса, Алла Тағала бұл амалдарымызды еселеп сауапқа жазады.

Еліміз аман, жеріміз тыныш, Рамазан айында жасаған барлық дұға-тілектеріміз қабыл болсын! Алла Тағала әр шаңыраққа құт-береке, ынтымақ пен ырыс нәсіп етсін!

Рамазан айы мүбәрак болсын!

Қосшы қалалық «Бөгенбай батыр»
мешітінің имамы
Төлеген Арғынбайұлы

1 НАУРЫЗ – Алғыс айту күні



Құрметті Қосшы қаласы мен Тайтөбе ауылының тұрғындары!

Сіздерді Алғыс және ризашылық күнімен құттықтаймын!

Алғыс айту күні – ынтымақ пен татулықтың, бірлік пен достықтың жарқын мерекесі.

Қосшы қала мәртебесін алғалы жеткен жетістігі аз емес. Болашағының кемел болуы үшін де әлі жүзеге асуы тиіс жоспарлы жұмыстар көп. Мақсатымыз – Қосшының әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеріп, өркендету, мәртебесін биік ету. Үнемі бірге қолдау білдіріп, сенім арта білген баршаңызға алғыс айтамын!

Әрқайсыңызға ризашылық білдіре отырып, зор денсаулық, мол бақыт, ұзақ ғұмыр, отбастарыңызға амандық пен бақыт, шаңыраққа шаттық пен мереке, дастарқандарыңызға береке тілеймін!

Құрметпен,
Қосшы қаласының әкімі
Азамат Қапышев

ДЕПУТАТ МІНБЕРІ



МӘСЛИХАТ КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕ КӨП

Қосшы қаласындағы №4 мектепте «AMANAT» партиясы «Білім» бастауыш партия ұйымының жиналысы өтті. Жиынға қалалық мәслихаттың төрағасы Ә.Қуатбеков, мәслихат депутаттары, бастауыш партия ұйымдарының төрағалары мен партия мүшелері қатысты.

Отырыс барысында саяси ұйымның қалалық филиалының атқарушы хатшысы Р.Сейдахметов, мәслихаты депутаты А.Данабекұлы және «Білім» бастауыш партия ұйымының төрайымы Г.Мейірманова өткен жылы жасалған жұмыстарын қорытындылап, ағымдағы жылы жүргізіліп жатқан жоспармен таныстырды.

Мәслихат төрағасы депутаттардың атқарған жұмыстары туралы атап өтіп, қаламызды дамыту, партияның Жол картасын жүзеге асыру жайлы мәліметтерімен бөлісті. Әлихан Жұмаханұлы жас қаламыздың инфрақұрылымын дамытуда, әлеуметтік саланы қолдауда депутаттық корпусының тиімді қызмет атқарып келе жатқанын жеткізді. Кездесу аясында партия ұйымының мүшелері көкейдегі сұрақтарын қойып, оған жауап берілді.

Өз тілшімізден

ЭТНОСАРАЛЫҚ САЯСАТ

ЕЛДІҢ БІРЛІГІ – МЕМЛЕКЕТТІҢ ТІРЕГІ

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толды. Бұл – еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі айтулы оқиға. Қазақстан халқы Ассамблеясы – еліміздегі әртүрлі этностар мен мәдениеттердің басын қосып, татулық пен келісімнің орнауына, ұлттық бірліктің нығаюына айрықша үлес қосқан бірегей институт. Ол «Елдің бірлігі – мемлекеттің тірегі» деген қағиданы өзінің негізгі бағыты етіп, осы айтулы кезеңде мемлекетіміздің даму жолындағы маңызды рөлін дәлелдеді.

1995 жылы Қазақстан Президентінің Жарлығымен құрылған Ассамблея елдегі қоғамдық тұрақтылық пен этносаралық келісімді нығайту мақсатында кеңесші орган ретінде жұмыс істей бастады. Биылғы мерейтой – бұл ұйымның, яғни Қазақстанның ұлттық бірлігі мен этникалық әралуандығын дамытудағы ұзақ жолды еске алуға арналған маңызды шара.

Көкшетау қаласындағы «Достық үйі» еліміздің маңызды құрылымдық бөліктерінің біріне айналып, 30 жыл бойы өз қызметін белсенді түрде жалғастырып келеді. Ол Ақмола облысы мен Көкшетау қаласы бойынша түрлі этностар мен мәдени топтар арасындағы та-

тулықты нығайту және бірлікті сақтау мақсатында жұмыс істейді. «Достық үйінің» негізгі қызметтері – халықтың түрлі мәдениеттерін таныстыру, этносаралық келісім мен бейбітшілікті нығайту бағытында түрлі іс-шаралар ұйымдастыру. Осы ортақ шаңырақта мәдени әртүрлілікті көрсету үшін түрлі этникалық фестивальдер мен көрмелер өткізіп тұрады. Бұл шаралар қала тұрғындары мен қонақтарына әр ұлттың мәдениетін тереңірек танып білуге мүмкіндік беріп, облыс тұрғындарының ерекше бірлігін көрсетеді.

2024 жылдың 11 қазанында Астана қаласындағы «Достық үйінде» Қазақстан халқы Ассамблея Кеңесінің кеңейтілген отырысы өтіп,



2025 жылы ҚХА-ның 30 жылдық мерейтойын мерекелеуге дайындық жұмыстары талқыланды. Жиын барысында, сондай-ақ қазақстандық қоғамның бірлігін нығайтуға және жастар арасында дұрыс құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ететін

(Жалғасы 2-бетте)

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ

ЖОЛ КАРТАСЫ БОЙЫНША
ЖАСАЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫС КӨП

«AMANAT» партиясы Қосшы қалалық филиалының Саяси кеңесі Бюросы мен қалалық мәслихаттағы депутаттық фракциясының бірлескен отырысы өтті. Жиынға әкімнің орынбасарлары, бөлім басшылары және бұқаралық ақпарат құралы қатысты.



Күн тәртібінде «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы бойынша Жол картасын іске асыру барысы туралы мәселелер қаралды:

- инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, туризмді дамыту, ауыл шаруашылығын дамыту, оның ішінде «Ауыл аманаты» жобасы;
- жайлы мектеп, электрмен жабдықтау желілерінің құрылысы, газ құбырын және газ тарату желілерін салу, Тайтөбе ауылының су құбыры желілерін қайта құру;
- кредиттік, коммерциялық, жеке тұрғын үйлерді пайдалануға беру, қала аумағындағы үлестік қатысуы бар барлық проблемалы үйлердің құрылысын аяқтау;
- сумен жабдықтау объектілерін іске асыру, су құбыры желілерінің құрылысы, электр желілерін энергия өндіруші ұйымдардың ба-

лансына немесе сенімгерлік басқаруына беру.

Аталған мәселелер бойынша Қосшы қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы, құрылыс, жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы, тұрғын үй шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы, сондай-ақ жолаушылар көлігі және автомобильдер жолдары бөлімдері басшыларының есебі тыңдалынды.

Отырысқа қатысқан Саяси кеңес Бюросының, депутаттық фракцияның өкілдері баяндамашыларға сауалдар қойып, атқарылып жатқан жұмыстардың сапалы орындалуы туралы ұсыныстар берді. Халықтың тіршілігі үшін маңызды мәселелердің барлығы партия өкілдерінің бақылауында болады.

**Р.Сейдахметов, «AMANAT» партиясы
Қосшы қалалық филиалының атқарушы
хатшысы**

ЭТНОСАРАЛЫҚ САЯСАТ

ЕЛДІҢ БІРЛІГІ –
МЕМЛЕКЕТТІҢ ТІРЕГІ

(Басы 1-бетте)

ҚХА-ның 13 арнайы жобасын іске асыру барысы да атап өтілді. Ақпарат және мәдениет министрлігінің мәліметінше, Ассамблеяның 30 жылдығын мерекелеу аясында елімізде және шетелде түрлі форматта 150-ден астам іс-шара ұйымдастырылып, кемінде 1,5 миллион адамды қамту жоспарлануда.

Ұйым жұмысы тек мәдени шаралармен ғана шектелмейді. Ол қоғамдағы этникалық мәселелерді шешуге, ықтимал қақтығыстардың алдын алуға, ұлттық бірлікті нығайтуға белсене атсалысады. Ассамблея өкілдерімен диалог және келіссөздер арқылы түрлі мәселелер талқыланып, ортақ шешімдер қабылданады. Бұл – Қазақстанның ұлттық бірлігін нығайтудағы маңызды қызмет.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойы – біз үшін татулық пен бірліктің, достық пен келісімнің құндылығын

тереңірек сезінетін уақыт. Еліміздегі әрбір ұлт өкілі өз мәдениетін, тілін дамыта отырып, ортақ Отанымыздың гүлденуіне үлес қоса алады. Бірлігіміз бекем болса ғана, мемлекетіміздің іргесі мығым болады. Сондықтан, Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысы – бұл еліміздің болашағы үшін аса маңызды.

Осы мерейлі мерекеде барша қазақстандықтарды бірлікке, ынтымаққа шақырамыз. Қазақстан – біздің ортақ үйіміз, осы үйдің шаңырағы биік, іргесі берік болуы үшін барлығымыз бірге еңбек етуіміз керек. Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысына сәттілік тілей отырып, оның алдағы уақытта да еліміздің бірлігі мен тұрақтылығына қызмет ете беретініне сенім білдіреміз!

Б.Қасенов, Ақмола Дін істер басқармасының «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы» КММ басшысы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 21 маусымдағы № 227 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларына сәйкес атаулы әлеуметтік көмекті тағайындауда мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар.

ТЕҢ ҚОҒАМ

«АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІ ТАҒАЙЫНДАУ»
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ

Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері – кент, ауыл, ауылдық округ әкімі, «Мансап» орталығы, «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – «портал»), ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы;

Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімі – «Мансап» орталығына жүгінген кезде құжаттар топтамасын тіркеген күннен бастап – 15 (он бес) жұмыс күні;

Проактивтік қызмет көрсетілген кезде – адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуге келісімін алған күннен бастап – 15 (он бес) жұмыс күні;

Кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 18 (он сегіз) жұмыс күні;

Мемлекеттік органдарға немесе ұйымдарға сұрау салу рәсімдеген жағдайда құжаттар топтамасын қалыптастыру мерзімі өтініш берушіге жазбаша хабарлама жібере отырып, күнтізбелік 30 (отыз) күнге дейін тиісті мемлекеттік органдарға және (немесе) ұйымдарға сұрау салу келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде ұзартылады;

Көрсету нысаны – Электронды (ішінара

автоматтандырылған) / қағаз түрінде / проактивті.

Мемлекеттік қызметтер көрсету нәтижесі – «Мансап» орталығы немесе әкім арқылы қағаз түрінде, сондай-ақ ұялы байланыс желілеріндегі абоненттік нөмірге хабарлама жіберу арқылы тағайындау туралы, ал бас тартылған жағдайда оның себептерін көрсете отырып, хабардар ету.

Қызметті портал арқылы көрсеткен жағдайда – тағайындау туралы хабарлама, ал бас тартқан жағдайда – оның себептерін көрсете отырып, көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» уәкілетті органның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру – сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзілісті есептемегенде сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезектілік тәртібінде көрсетіледі.

С.Мұханбетжанова, Қосшы қаласының жұмыспен қамту орталығының бас маманы

КЕДЕРГІСІЗ ОРТА

«Мүгедектігі бар адамдарды техникалық қосымша (компенсаторлық) құралдармен қамтамасыз етуге құжаттарды рәсімдеу» мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі

Мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, қамтамасыз ету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 12-бабы 5) тармақшасының жиырмасыншы абзацына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен қамтамасыз ету тәртібін айқындайды.

Мүгедектігі бар адамдарына теңестірілген техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен қамтамасыз ету осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарды беруге арналған өтініштің (бұдан әрі – өтініш) және осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарды ұсынуға медициналық-әлеуметтік көрсетілімдер мен қарсы көр-

сетілімдерге сәйкес әзірлеген мүгедектігі бар адамдарды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасының (бұдан әрі – АОЖБ) әлеуметтік бөлігінің негізінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдармен немесе олардың заңды өкілдері не мүгедектігі бар адамнан ұсыну үшін құжаттарды рәсімдеу құқығына сенімхат алған адамдар (бұдан әрі – өтініш беруші) тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғам (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) «Электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал);

3) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (бұдан әрі – абоненттік құрылғы).

Проактивті қызмет арқылы рәсімдеу кезінде өтінішті ұсыну талап етілмейді.

Айгерім Жұмабекова, Қосшы қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы

ҰЛТ САУЛЫҒЫ

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ СУСЫНДАРДЫ
ТҰТЫНУҒА ШЕКТЕУ ҚОЙЫЛДЫ

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне жаңа 108-1-бап енгізілді, онда «Энергетикалық сусындарды тұтынуды алдын алу және шектеу» мәселесі қарастырылған. Аталған баптағы негізгі нормалар:

- 1) энергетикалық сусындарды 21 жасқа дейінгі адамдарға сатуға тыйым салу;
- 2) сауда автоматтары, өзге де электрондық немесе механикалық құрылғылар арқылы сатушының тікелей қатысуынсыз сатуға тыйым салу;
- 3) егер құжат ұсынылмаған болса, сатып

алушының 21 жасқа толғанына күмән туындаған және энергетиктерді сатудан бас тартқан жағдайда жеке куәлік беру туралы талап;

4) энергетикалық сусындарды сату жүзеге асырылатын орындарда «Энергетикалық сусындарды 21 жасқа дейінгі адамдарға сатуға тыйым салынады» деген жазуды орналастыру;

5) «энергетикалық сусындар» ұғымы. Бұл нормалар ағымдағы жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді және орындалуға жатады.

ТОҚТЫҒЫНДА ЖАРАСПАҒАН, АШТЫҒЫНДА ҚАРАСПАЙДЫ

АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

ЖҮРЕКТЕН ШЫҚҚАН СӨЗ ЖҮРЕККЕ ЖЕТЕДІ

1 наурыз – Алғыс айту күніне орай, сіздерге шын жүректен алғысымды білдіргім келеді! Бүгінгі күн – біздің қоғамымызда мейірімділік, ынтымақтастық пен достықтың қадірін арттырып, бір-бірімізге деген ілтипатымызды көрсетуге зор мүмкіндік беретін ерекше күн.

Қосшы қаласы әкімдігінің «Тілдерді оқыту орталығы» басшысы ретінде біз өз білімімізді, тәжірибемізді, жүрегімізді біздің орталыққа келіп, тіл үйренуге ұмтылған әрбір азаматқа арнауға дайынбыз. Сіздердің ынталы

еңбектеріңіз бен тілге деген құрметтеріңіз бізді шабыттандырып, орталығымыздың жұмысының нәтижелі болуына негіз қалап отыр.

Бұл күн бізге тек алғыс айту ғана емес, өзара түсіністік пен қарым-қатынасымызды нығайтуға, әр адамның еңбегін бағалауға мүмкіндік береді. Сіздермен бірге жеткен жетістіктеріміз үшін зор ризашылығымды білдіріп, болашақта да табысты ынтымақтастықта болатынымызға сенімдімін!

Алғысымыз шексіз!



Әлия Қуатжанқызы,
Тілдерді оқыту орталығының басшысы

ШАТТЫҚҚА ТОЛЫ ШУАҚТЫ КҮНДЕР КӨП БОЛҒАЙ!

Құрметті Қосшы қаласының және Тайтөбе ауылының тұрғындары!

Сіздерді көктемнің алғашқы күнімен қатар келген Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Кең пейілді қазақ халқы қашан да алғыс айтудан қашпаған. Кез келген мұнайып тұрған адам бұл сөзді ести сала көңілі жібіп, жадырап шыға келеді. Сондықтанда баршаңызға тілерім – шаңырақтарыңыз

биік, отбасыларыңызға құт-береке, ынтымақ-ырыс, дендеріңізге саулық, шаттыққа толы шуақты күндер. Өсіп келе жатқан ұрпақтарымыз саналы, мейірімді, даналы болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Баршаңызға мың алғыс!

Эльмира Мақсұтбекқызы, Қосшы қаласы әкімінің ерекше қажеттілігі бар адамдар мәселелері жөніндегі кеңесші



АЛҒЫС АЙТУ – АДАМГЕРШІЛІКТІҢ БЕЛГІСІ

Бұл күн – қазақ халқының мінезінің дарқандығы мен даласының кеңдігін көрсететін күн. Үлкенге құрмет, кішіге ізет деген біздің ділімізде болса керек. Сол игі дәстүрді сақтай отырып, 1 наурыз күні жаппай алғыс айтып жатамыз. Осы орайда мен де, алдымен, тәлім-тәрбие берген ата-анамнан бастап, қолыма қалам ұстатқан, рухани бағыт-бағдар берген ұстаздарыма, жұмыста бірге қызмет істеп жүрген алтын әріптестеріме, оқу-білімге

құштар, киелі сөздің қадірін түсінетін кітапхана оқырмандарына алғыс айтамын. Алғыс айту адамдарды өзара жақындастыра түседі. Бұл қысқа жалғанда сыйласып, бір-бірімізге жылы ілтипат танытып өмір сүргенге не жетсін. Еліміздің еңсесі биік, халқы тату болғай. Барша отандастырымды Алғыс айту күнімен құттықтаймын.

Сымбат Бауыржанқызы,
Қосшы кітапханасының басшысы



ЖАҚСЫ СӨЗ – ЖАРЫМ ЫРЫС

Көктемнің алғашқы күнімен тұспа-тұс келіп, көңіл тыныштығын сыйлайтын жарқын мереке – Алғыс айту күні құтты болсын!

Алғыс айту – жүрекке жылу сыйлайтын керемет қасиет. Алғыс айта білген адам алғыс арқалай алады. Сондықтан күн сайын, тіпті сағат сайын әртүрлі себептерге байланысты бір-бірімізге алғыс айтқанымыз артық болмас. «Жақсы сөз – жарым ырыс» демекші, алғыс адамның бе-

рекесі мен ырысын еселейді.

Барша отандастарымызға, еліміздің әр түпкірін шарлаған барлық жүргізушілерге, күні-түні аянбай еңбектенген жұмысшы мамандарға, ақ халатты абзал жандарға, қауіпсіздігімізді қорғайтын күзетшілерге шынайы ниетпен алғыс білдіремін!

Мөддір Маратқызы,
«Жастар ресурстық орталығы» КММ басшысы



ТАРИХИ МҰРА

МОНУМЕНТАЛДЫ ӨНЕР ҚҰРЫЛЫСТАРЫН ОРНАТУ

Қазіргі заманның рухани ізденістеріне сәйкес, ұрпақтардың бабалар мұрасына құрметпен қарап, ұлы тұлғалардың, көрнекті қайраткерлердің есімдері мен маңызды тарихи оқиғаларды мәңгілікке қалдыру қажеттілігі туындап отыр.

Ұлттық сана сезімнің өсуімен қатар ел мұрасына, тарихи жерлерге, белгілі тұлғаларға деген қызығушылық арта түсті. Көп жағдайда, тарихи ескерткіштерді орнатуға белгілі тұлғалардың ұрпақтары, қоғам қайраткерлері немесе тарихты ұлықтап жүрген белсенді азаматтар құлшыныс танытады. Осы арқылы олар халықтың жадына терең із қалдырғысы келеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында халық арасында қоғамдық жікке бөлінушілікті тудыратын «трайбализм» құбылысын болдырмаудың маңыздылығын атап өткен болатын. Белгілі бір өңірде тек сол аймақта ғана тұлғаларға ғана ескерткіш орнату үрдісінің көбейіп бара жатқанына алаңдаушылық білдірген ол мемлекетімізде бейбітшілік пен бірлікті сақтау үшін осы мәселеге баса назар аудару керектігін ескерткен еді. Сондықтан да ескерткіштерді орнатудағы басты шарт – оның қолданыстағы заңдар мен жалпы қабылданған әлеуметтік нормаларға қайшы келмеуі және теріс әлеуметтік салдарларға соқтырмауы маңызды.

Монументтік өнер құрылыстарын орнату қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 28 сәуірдегі № 103 бұйрығы.

Монументтік өнер құрылыстары – аса көрнекті тұлғалардың, маңызды тарихи оқиғалардың мәңгі есте қалдыру үшін орнатылатын монументтік өнер туындылары (ескерткіштер, стелалар, бюсттер). «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 9) тармақшасына сәйкес монументтік өнер құрылыстарын орнату жөнін-

Ақмола облысы – тарихи оқиғаларға бай мекен. Ел ішінде халықтың тағдырын өз тағдырынан биік қойған, жұртының амандығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен азаматтар аз емес.

дегі жұмысты облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – жергілікті атқарушы органдар) жүргізеді.

Монументтік өнер құрылыстарын (бұдан әрі – құрылыс) орнатуды жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджет қаражаты есебінен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де

Жергілікті атқарушы органдар монументтік өнер құрылыстары бойынша жұмысты жоспарлы негізде жүргізеді. Жоспарды тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) алдағы күнтізбелік жылға жоспарланып отырған жылдың алдындағы ағымдағы жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде қалыптастырады.



көздерден жүзеге асырады.

Монументтік өнер құрылыстарын орнату «Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі № 1465 қаулысымен айқындалған көрнекті тұлғалардың мерейтойлық және атаулы күндеріне, маңызды тарихи оқиғаларға орайластырылады.

Құрылыс қаһармандық пен ерлік танытқан, мемлекет тәуелсіздігін нығайтуға айтарлықтай ерен үлес қосқан жағдайларды қоспағанда, аса көрнекті тұлғалар қайтыс болған және (немесе) маңызды тарихи оқиғалар орын алған күннен бастап кемінде бес жыл өткен соң орнатылады. Құрылыс мемлекеттік меншіктегі жалпы ортақ пайдаланылатын орындарда орнатылады.

Жергілікті атқарушы органдар құрылыс туралы ұсыныстарды уәкілетті органға жоспарланып отырған жылдың алдындағы жылдың 1 қарашасына дейінгі мерзімде ұсынады. Жоспарға жергілікті атқарушы органдардың ұсынысында қаржылық растау, жер учаскесін бөлу туралы шешім мен тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссияның хаттамасы болуға тиіс.

Жоспарға енгізілген құрылысқа жоғары шығармашылық орындауды қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында жергілікті атқарушы органдар мүсіншілер арасында құрылыстың үздік жұмыс жобаларына республикалық шығармашылық конкурс жариялайды. Жоспарланған

республикалық шығармашылық конкурс туралы хабарландыру жергілікті атқарушы органдардың интернет-ресурстарында және республикалық деңгейдегі бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс жобаларын қабылдаудың басталу және аяқталу күнін міндетті түрде көрсете отырып, орналастырылады.

Үздік жұмыс жобаларына арналған республикалық шығармашылық конкурсты жергілікті атқарушы органдар оның шарттарын егжей-тегжейлі сипаттай отырып, кемінде бір ай мерзімге жариялайды. Республикалық шығармашылық конкурс аяқталғаннан кейін конкурсқа келіп түскен құрылыстың жұмыс жобалары жергілікті атқарушы органдар жанындағы тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссиялардың қарауына енгізіледі. Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссия республикалық шығармашылық конкурсқа келіп түскен жұмыс жобалары арасынан кемінде үш жұмысты үздік деп таниды.

Жергілікті атқарушы органдар жанындағы Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссия іріктеп алған құрылыстың үздік жобалары мынадай құжаттармен және материалдармен бірге уәкілетті органға жіберіледі:

- 1) құрылысты орнатуды қаржыландыру туралы ақпарат қамтылған ілеспе хат;
- 2) құрылысты орнату үшін жер учаскесін бөлу туралы жергілікті атқарушы органның шешімінің немесе қаулысының көшірмесі;
- 3) құрылыстың кемінде 1:10 ауқымындағы үш жұмыс жобасы;
- 4) жарықтың төрт бағыты көрсетілген құрылысты орнатудың ахуалдық сызбасы;
- 5) құрылыстың 1:500 ауқымындағы бас жоспарының макеті;

6) құрылыстың сәулеттік-көркемдік, композициялық шешімдері туралы ақпаратты қамтитын түсіндірме жазба;

7) жергілікті атқарушы органдар жанындағы Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссияның хаттамасы.

Құрылыстың жұмыс жобасы сапалы шығармашылық орындау, портреттік ұқсастықты ашу және тарихи оқиғаны бейнелеу тұрғысынан қаралады. Ұсынылған ахуалдық сызба және құрылыстың бас жоспарының макетін ескере отырып, құрылыстың дұрыс орналасуы айқындалады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ.

145-бап. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы заңнамасын бұзу.

Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы заңнамасын; монументтік өнер құрылыстарын орнату қағидаларын бұзу: жүргізіліп жатқан жұмыстарды тоқтата тұрып, жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Барлық ережелерді сақтай отырып, монументалды өнер құрылысын орнатудың бастамашысы, негізгі өз ойын жүзеге асырудың ең тиімді шешімін таба алады. Сонымен қатар қажетсіз шығындардан аулақ болып, жобалардың уақтылы аяқталуына кепілдік береді және де жергілікті тұрғындар мен қонақтар баруларына қызықты болатын жаңа, ерекше жерлердің көбеюіне ықпал етеді.

Г. Рақымжанова,
«Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану орталығы» КММ бас инспекторы

ТАТУЛЫҚҚА НЕ ЖЕТСІН?! ТӘУЕКЕЛДЕН НЕ КЕТСІН?!

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУ – САУАПТЫҢ КІЛТІ

РАМАЗАН – МЕЙІРІМДІЛІК ПЕН КЕШІРІМ АЙЫ

Рамазан – мұсылман баласы үшін үлкен мүмкіндіктерге толы, жүректі тазартатын, сабыр мен мейірімділікті арттыратын қасиетті ай. Бұл айда мұсылмандар өз нәпсісін тәрбиелеп, жақсы амалдар жасап, Алланың рақымына бөленеді. Қазақ халқы да Рамазан айының қадірін жақсы біліп, оны ерекше ықыласпен қарсы алған.

Рамазан – жақсылықтың жаршысы.

Қазақ халқы ежелден қонақжай, бауырмал, мейірімді халық. «Жақсылық етсең, қайырын өзің көресің» деген ұлағатты сөз бар. Рамазан айында мұқтаж жандарға көмектесу, садақа беру, ауызашар ұйымдастыру – үлкен сауапты істердің бірі.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Кімде-кім ораза ұстаған кісінің ауыз ашуына себепкер болса, оның сауабындай сауап алады» (Тирмизи) деген.

Қазақта «Береке – бірлікте» деген сөз бар. Осы айда бір-бірімізге мейірімділік танытып, кешірімді болайық! Кешірімді болу – имандылықтың белгісі.

Рамазан – тек аштық пен шөлге сабыр ететін ай емес, сонымен қатар жүрекке иман ұялатып, кешірімді болуға шақыратын уақыт. Қазақ «Кешіре білгенге – кеңшілік» деп бекер айтпаған. Ағайынмен, туыспен,

көршілермен, жалпы адамдармен қарым-қатынасты түзету – Рамазанның үлкен ғибратының бірі.

Алла Тағала Құранда былай дейді: «Кешірімді бол! Дұрыстыққа бұйыр және надандардан теріс бұрыл» (Ағраф сүресі, 199-аят). Сондықтан бұл айда жүректі газартып, ренжіскен жандармен татуласып, кешірімді болу – ең маңызды амалдардың бірі.

Сабыр түбі – сары алтын. Ораза – сабырдың айы. Қазақта «Сабырлы жетер мұратқа, сабырсыз қалар ұятқа» деген сөз бар. Аштыққа, шөлге, нәпсіге сабыр ету – иманның кемелдігінің белгісі. Рамазан бізге сабырды, төзімділікті, ұстамдылықты үйретеді.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

«Ораза – сабырдың жартысы» (Ибн Мажа) деп айтқан. Бұл айда мұсылман баласы ашуланудан, бос сөзден, ғайбаттан аулақ болып, рухани тәрбиеленуі керек.



Рамазан – қазақ халқының рухани құндылықтарымен үндес, береке мен мейірімге, кешірім мен сабырға толы ай. «Жақсылық жасасаң, өзіңе қайтады» дегендей, бұл айда жасаған игі амалдарымыз Алланың құзырында еселеніп қайтады.

Рамазан айы құтты болсын! Алла әрбір жасаған құлшылығымызды, мейірімділік пен кешірімге толы амалдарымызды қабыл етсін!

Төлеген Арғынбайұлы, Қосшы қалалық «Бөгенбай батыр» мешітінің имамы

Сабырлы болу – иманның белгісі

Ораза туралы Әбу Умама (р.а.) былай дейді: «Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.) жақсы бір амал сұрадым. Ол маған: «Ораза ұста, өйткені, оған тең келер құлшылық жоқ», деді. Мен екі-үш рет қайталап сұрасам да: «Ораза ұста, оған тең келер құлшылық жоқ» деген жауабынан танбады» (Нәсәи, Сиям, 43).

«Ораза ұстаған адамның ризығы адал болса, ақиретте есепке тартылмайды» (Әл-Хунди. Канзул-Ұммал, 3/328). «Ораза ұстағанның ұйқысы – ғибадат, үндемегені (Аллаһқа айтылған) мадақ болып саналады. Жақсылықтары мен ғибадаттарына еселеп сауап жазылады.

Ораза – жасырын құлшылық болып саналады. Оны тек Алла біледі. Себебі, Құдси хадисте: «Ал намаз, зекет, қажылық – Мен үшін, оның сауабын өзім беремін...» Бұл амалдар адамның сыртқы тәнімен, материалдық дүниесімен орындалатын болған соң, кейде көзбояушылық орын алуы мүмкін. Ал, ораза олай емес. Термизидан жеткен бір хадисте Пайғамбарымыз: «Ораза – сабырдың жартысы» деп айтады.

Ораза – Құран айы. Алла Тағала рамазан айында дүние аспанынан ахирет күніне дейін үкімдерін, тіпті бір әрпі де өзгермейтін қасиетті Құранды түсірген. Құран біздерге тура жолды көрсетеді, бізге ақ пен қараны айырады, кімнің өмірі Құранмен өрбитін болса, ол адам екі дүниеде бақытты болады. Сондықтан қасиетті Құран айында Алладан келген Құран кітапты көп оқуға дағдыланыңыз. Құран өзін көп оқыған адамға, ертең Қиямет күнінде шапағатшы болып келеді. Құраны бар жүректі Алла тағала азаптамайды. Кім Құраннан алыстаса, ол Алладан алыстайды. Мейірім мен рақым, кешірім мен береке айында Алла Тағала ұстаған оразаларыңызды қабыл етсін!

Бохан Есболат, Тайтөбе ауылының
Әбдірахманұлы Үкібай мешітінің
наиб имамы

Jana Bastau
ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫП
IPHONE 16 PRO MAX
ұтып алыңыз!

Қалай жазылуға болады?

1. Kaspi.kz → Төлемдер → Баспасөзге жазылу → Jana Bastau (Kaspi.kz → Платежи → Подписка на СМИ → Jana Bastau) немесе QR-кодты сканерлеп, бірден жазылыңыз!

2. Жазылым туралы чекті WhatsApp +7 707 480 1149 нөміріне жазыңыз!

Жеңімпаз 8 НАУРЫЗ қарсаңында тікелей эфирде, **РАНДОМУС** әдісі арқылы анықталады!

• Жазылымға 7000 тг / 12 ай
• Науқан 7 наурызға дейін!

Сіз ұтылмайсыз – ең бастысы, газетке жазылып, маңызды ақпаратқа қол жеткізесіз!

Толық ақпарат: @janabastau.kz (Instagram) | Caspi.kz WhatsApp | +7 707 480 1149

БАСПАСӨЗ – 2025

РАМАЗАН АЙЫНДА АТА-АНАҢА
ҚҰРМЕТ КӨРСЕТИП, «JANA BASTAU»
ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ ЖӘНЕ
IPHONE 16 PRO MAX ҰТЫП
АЛЫҢЫЗ!

8 НАУРЫЗҒА АРНАЛҒАН ЕРЕКШЕ
СЫЙЛЫҚ!

Қосшы қаласының басты жаңалықтары
Өзекті тақырыптар мен сараптамалар

Жазылым: 7000 тг / 12 ай
Науқан 7 наурызға дейін!

Қалай жазылуға болады?
Kaspi.kz → Төлемдер → Баспасөзге жазылу → **Jana Bastau (Kaspi.kz** → Платежи → Подписка на СМИ → **Jana Bastau)** немесе QR-кодты сканерлеп, бірден жазылыңыз!

Жазылым туралы чекті WhatsApp
+7 707 480 1149 нөміріне жолдаңыз!

Жеңімпаз 8 НАУРЫЗ қарсаңында
ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ РАНДОМУС әдісі
арқылы анықталады!

Толық ақпарат: @janabastau.kz
(Instagram)

Сұрақтар: WhatsApp нөмір
+7 707 480 1149

Сіз ұтылмайсыз – ең бастысы, газетке жазылып, маңызды ақпаратқа қол жеткізесіз!

«Jana bastau» әлеуметтік-экономикалық
және қоғамдық-саяси газеті

Kaspi QR

Жазылым үшін ақысын төлеу
Оплата за подписку



«Jana bastau» социально-
экономическая и общественно-
политическая газета

ХИЖРИ 1446 РАМАЗАН 2025 ОРАЗА КЕСТЕСІ ҚОСШЫ ҚАЛАСЫ							
РАМАЗАН АЙЫ	АЙТА КҮНДЕРІ	НАУРЫЗ	ТАҢ (сәуірдегі біздің уақыты)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (күзгі уақыт)
1	Сейбі	1 наурыз	05:29	06:54	12:32	16:08	18:01
2	Жексенбі	2 наурыз	05:27	06:52	12:32	16:10	18:02
3	Дүйсенбі	3 наурыз	05:25	06:50	12:31	16:11	18:04
4	Сейсенбі	4 наурыз	05:23	06:48	12:31	16:13	18:06
5	Сәрсенбі	5 наурыз	05:20	06:46	12:31	16:14	18:07
6	Бейсенбі	6 наурыз	05:18	06:43	12:31	16:16	18:09
7	Жұма	7 наурыз	05:16	06:41	12:31	16:17	18:11
8	Сейбі	8 наурыз	05:14	06:39	12:30	16:19	18:13
9	Жексенбі	9 наурыз	05:12	06:37	12:30	16:20	18:14
10	Дүйсенбі	10 наурыз	05:09	06:35	12:30	16:21	18:16
11	Сейсенбі	11 наурыз	05:07	06:33	12:30	16:23	18:18
12	Сәрсенбі	12 наурыз	05:05	06:30	12:29	16:24	18:19
13	Бейсенбі	13 наурыз	05:02	06:28	12:29	16:26	18:21
14	Жұма	14 наурыз	05:00	06:26	12:29	16:27	18:23
15	Сейбі	15 наурыз	04:58	06:24	12:28	16:28	18:24
16	Жексенбі	16 наурыз	04:55	06:21	12:28	16:30	18:26
17	Дүйсенбі	17 наурыз	04:53	06:19	12:28	16:31	18:28
18	Сейсенбі	18 наурыз	04:51	06:17	12:28	16:32	18:29
19	Сәрсенбі	19 наурыз	04:48	06:15	12:27	16:34	18:31
20	Бейсенбі	20 наурыз	04:46	06:12	12:27	16:35	18:33
21	Жұма	21 наурыз	04:43	06:10	12:27	16:36	18:34
22	Сейбі	22 наурыз	04:41	06:08	12:26	16:38	18:36
23	Жексенбі	23 наурыз	04:38	06:06	12:26	16:39	18:38
24	Дүйсенбі	24 наурыз	04:36	06:03	12:26	16:40	18:39
25	Сейсенбі	25 наурыз	04:33	06:01	12:26	16:42	18:41
26	Сәрсенбі	26 наурыз	04:31	05:59	12:25	16:43	18:42
27	Бейсенбі	27 наурыз	04:28	05:57	12:25	16:44	18:44
28	Жұма	28 наурыз	04:26	05:54	12:25	16:45	18:46
29	Сейбі	29 наурыз	04:23	05:52	12:24	16:46	18:47

«Бөгенбай Батыр» мешіті асханасында ауызашар беремін деушілер мына нөмірге хабарласуға болады: +7 701 307 3936 (Жарқынбек ұстаз)

Оразаға ниет: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін Рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.

Ауызашар дұғасы: Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман көлтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, кешірімді Алла! Менің алдыңғы және соңғы күн-кешіліктерімді кешір!

Қадір түні – наурыз айының 26-нан 27-не қараған түн.
Ораза айт – 30 наурыз.

ПІПІР САДАҚАСЫ
655 тг

Садақалық қабыл болсын!

**Jana
Bastau**

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Дәулет АСАУ

Бас редактордың орынбасары
Гүлнәз БИСЕН

Веб-редактор
Салтанат ЕСЕНҚҰЛОВА

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Асылжан КҮНТУҒАН

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ
Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор
Майгүл ХАРИҒАЗЫ

Нөмердің кезекшісі
Гүлнәз БИСЕН

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Ұсынылған материалдардың дұрыстығына редакция жауап бермейді.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

janabastau2022@gmail.com
www.janabastau.kz